**УСТОЙЧИВЫЙ ТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: БАЛАНС ЭКОЛОГИИ,
ЭКОНОМИКИ И КУЛЬТУРЫ**

**SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN: BALANCING
ECOLOGY, ECONOMY AND CULTURE**

1160.	Абдуллаева Жасмин Сайдуллақызы	Мейрамхана бизнесінде сандық технологиялардың қолданылуы	4977
1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

ҚАЗАҚСТАН БАНК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ДАМУ ҮРДІСТЕРІ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЛЫСТЫРУ

Берсинбек Еркебұлан Жанибекұлы

Қаржы 3-курс студенттері

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы,

E-mail: bersinbekerkebulan@gmail.com

Ғылыми жетекші: э.ғ.к., «Қаржы» кафедрасының доценті Бұлақбай.Ж.М.

Қазіргі таңда жаһандық қаржы жүйесі технологиялық дамудың жаңа сатысына аяқ басты. Сандық технологиялар банктердің қызмет көрсету тәсілдерін түбегейлі өзгертумен қатар, қаржы өнімдерінің құрылымын да қайта қарауға мәжбүр етті. Енді дәстүрлі банк бөлімшелерінен гөрі мобильді қосымшалар мен цифрлық платформаларға сұраныс артты. Big Data, жасанды интеллект, биометрия, қашықтан сәйкестендіру сияқты технологиялар қаржы секторының жаңа қалыпқа көшуін жылдамдатуда [1].

Мұндай өзгерістердің артықшылығы тек техникалық жағынан емес, стратегиялық тұрғыда да айқын көрініс табуда. Мысалы, цифрландыру арқылы банктер клиенттерге қолжетімділікті арттырып, операциялық шығындарды азайтады және қаржылық қамтуды кеңейтеді [2]. Бұл үрдіс әлемнің дамыған елдерінде кең қолдау тауып, ашық банкинг, финтех экожүйелер және онлайн қаржы шешімдері түрінде жүзеге асырылып келеді.

Қазақстан да осы жаһандық трендке белсенді түрде қосылып отыр. Соңғы жылдары еліміздің қаржы секторында цифрлық шешімдерге деген сұраныс артты. Kaspi.kz, Halyk Bank, Freedom Bank секілді алдыңғы қатарлы банктер цифрлық өнімдерді дамытумен қатар, жаңа клиенттік тәжірибе қалыптастыруға басымдық беруде. Олардың мобильді платформалары күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналып, дәстүрлі қаржы операцияларын онлайн кеңістікке көшірді.


Бұл үдеріс мемлекеттік саясатпен де тығыз байланысты. Атап айтқанда, 2018–2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы цифрлық инфрақұрылымды дамытуға, сондай-ақ цифрлық қаржы құралдарын енгізуге жол ашты [3]. Бұған қоса, Қазақстан Ұлттық Банкі соңғы жылдары цифрлық теңге жобасын сынақтан өткізіп, цифрлық валютаның ұлттық экономикадағы рөлін бағамдауда [4].

I. Цифрлық банкингтің дамуы: банк жүйесінің жаңа парадигмасы

Қазақстандағы банктік қызметтер саласында цифрлық технологияларды енгізу — соңғы онжылдықтағы ең маңызды трансформациялық үдерістердің бірі. Қаржылық қызметтердің дәстүрлі үлгісінен онлайн форматқа көшу тек техникалық жетістік емес, сонымен қатар стратегиялық және әлеуметтік өзгеріс ретінде де сипатталады. Цифрлық банкинг банктердің клиентпен өзара әрекеттесу тәсілін түбегейлі өзгертіп, бүкіл саланы икемді, жылдам әрі дербестендірілген деңгейге көтерді.

1.1 Онлайн банкингтің жаппай таралуы

Соңғы жылдары Қазақстан халқы банктік операцияларды мобильді қосымшалар немесе интернет банкинг арқылы жүзеге асыруды күнделікті тәжірибеге айналдырды. 2017 жылы онлайн банкинг қолданушыларының саны 3 млн-ға жетпеген болса, 2024 жылы бұл көрсеткіш **16,5 миллион адамға** жуықтады. Бұл өсім банктік инфрақұрылым мен цифрлық сауаттылықтың кеңеюін көрсетеді.



1-сурет. Қазақстандағы онлайн банкинг қолданушыларының саны (2017–2024)
Ескерту: [5] деректері негізінде автор тарапынан құрастырылды

1.2 Қашықтан сәйкестендіру және еKYC жүйелері

Банктік қызметтердің цифрлық арнада дамуына жол ашқан маңызды тетік – еKYC жүйелерінің енгізілуі болды. Қашықтан сәйкестендіру технологиясы жеке тұлғаны автоматты түрде тануға және банкпен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл қызмет биометриялық тексеріс, құжатты тану және мемлекеттік дерекқормен байланысты құралдар арқылы жүзеге асырылады.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің деректері бойынша, 2023 жылға қарай банк ұйымдарының 80%-дан астамы еKYC жүйелерін толық енгізіп, клиенттерге бөлімшеге бармай-ақ қызмет көрсету мүмкіндігін ұсынған [6].

1.3 Ашық банкинг пен қаржылық экожүйелердің қалыптасуы

Қазақстанда ашық банкинг (Open Banking) моделі енді дамып келе жатқанымен, оның болашағы зор. Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі API негізіндегі деректер алмасуды заңнамалық деңгейде реттеуді қолға алды. Бұл банктер мен үшінші тарап провайдерлерінің интеграциясына мүмкіндік беріп, пайдаланушы үшін бір терезе қағидасымен қызмет көрсетуге жол ашады.

1.4 Деректерді интеллектуалды өңдеу және жекелеңдіру

Қазақстан банктері Big Data технологиясы мен жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы клиенттің әрекетін талдап, оған жекелеңдірілген қаржылық өнімдер ұсынуда. Несие скоринг жүйелері автоматтандырылып, тәуекелдерді бағалау әлдеқайда дәл жүргізіледі. Сонымен қатар алаяқтық транзакцияларды ерте анықтау механизмдері іске қосылған.

1.5 Жасанды интеллект пен деректерді интеллектуалды өңдеу

Цифрлық банкингтің жаңа кезеңі банк клиенттерінің әрекеттерін талдау мен болжам жасау мүмкіндігін де арттырды. **Big Data** және **AI** технологиялары негізінде банктер тұтынушының мінез-құлқын модельдеп, жекелеңдірілген ұсыныстар, автоматтандырылған скоринг, алаяқтықты ерте анықтау секілді жүйелерді іске қосты.

Бұл процестер банктің өнім тиімділігін арттырып, клиентке бағытталған сервисті жетілдіруге ықпал етуде.

II. Мемлекеттік саясат және цифрлық қаржыны реттеудің институционалдық негіздері

Цифрлық банкингтің елімізде жүйелі түрде дамуы тек жекелеген банктердің немесе технологиялық серіктестіктердің бастамасымен шектелмейді. Бұл үдеріс мемлекет тарапынан қабылданған стратегиялық шешімдер мен құқықтық механизмдер арқылы институционалдық қолдауға ие болып отыр. Қазақстан Республикасында цифрлық экономиканы дамытуға бағытталған негізгі құжаттардың бірі — 2018–2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Аталған бағдарламада қаржы секторын цифрландыру — басымдықтардың бірі ретінде белгіленген. Онда қаржылық қызметтердің онлайн форматқа көшуі, банк және мемлекеттік инфрақұрылымдардың интеграциясы, цифрлық сауаттылықты арттыру бағыттары нақты көрсетілген [7].

Бағдарлама аясында банк жүйесіне қашықтан қызмет көрсету механизмдерін дамытуға, мобильді қосымшалар арқылы клиент тартуға және төлем инфрақұрылымын жаңғыртуға жағдай жасалды. Электрондық үкімет (eGov), жеке тұлғаларды электронды сәйкестендіру (eKYC), және бірқатар цифрлық платформа шешімдері осы кезеңде банк секторымен біртіндеп біріктіріле бастады.

Цифрлық қаржылық құралдарды енгізу бойынша негізгі рөлдердің бірі — Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі. Соңғы жылдары Ұлттық Банк цифрлық валюта тұжырымдамасын зерттеп, 2021 жылдан бастап **цифрлық теңге** жобасының әзірленуіне бастамашы болды. Бұл жоба 2023 жылы пилоттық кезеңнен өтті. Цифрлық теңге — бұл орталық банк шығаратын, электронды форматтағы заңды төлем құралы, яғни орталық банктің цифрлық валютасы (CBDC). Оның басты мақсаты — қолма-қол және қолма-қол емес төлем құралдарын толықтыру, төлем инфрақұрылымын жетілдіру және халыққа қаржылық қызметтерді қолжетімді ету.

Пилоттық кезеңде цифрлық теңгені сынақтан өткізу үшін бірнеше аймақ, банк және пайдаланушылар тобы тартылды. Қазақстан Ұлттық Банкінің мәліметтері бойынша 2023 жылғы пилот жобасының негізгі нәтижелері төмендегідей ұсынылады:

1-кесте – Цифрлық теңге пилоттық жобасының негізгі көрсеткіштері (2023)

Көрсеткіштер	Мәні
Цифрлық теңге енгізілген тест аймақтар саны	4 аймақ
Тестілеуге қатысқан банктер саны	6 банк
Пилот кезеңге тартылған пайдаланушылар	38 000 адам
Жалпы транзакциялар саны	272 000 транзакция
Орташа транзакция көлемі (теңге)	3 500 ₸
Пайдаланушылар қанағаттану деңгейі	91 %
Ескерту: ҚР Ұлттық Банкінің ресми деректері негізінде автор құрастырды [8]	

Цифрлық теңге жобасынан бөлек, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі де (ҚНРДА) цифрлық қаржылық қызметтерді құқықтық тұрғыдан реттеуді жүйелі түрде жүргізіп келеді. Агенттік 2021 жылдан бастап қашықтан сәйкестендіру стандарттарын, ашық банкинг (Open API) қағидаларын және клиент деректерінің қорғалуына қатысты нормативтік актілерді әзірледі. Бұл реттеуші базалар банктерге цифрлық өнімдерді қауіпсіз, тиімді және заңды негізде ұсынуға мүмкіндік беріп отыр.

Мемлекеттік деңгейдегі мұндай қолдау цифрлық банкингтің тек нарықтық үрдіс емес, ұлттық стратегия деңгейіне көтерілгенін көрсетеді. Заңнамалық және институционалдық реформалар арқылы қаржы секторының технологиялық бейімделуі жеделдетіліп, елдегі цифрлық қаржылық инфрақұрылым біртіндеп тұрақты негізге көшуде.

III. Қазақстан мен Оңтүстік Корея банк жүйелеріндегі цифрлық трансформация: салыстырмалы талдау

Қазақстанның банк секторы цифрлық трансформация бағытына 2010-жылдардың ортасынан бастап бет бұрып, 2018–2022 жылдары «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүйелі өзгерістерге қол жеткізді. Онлайн банкинг, қашықтан сәйкестендіру (eKYC), мобильді қосымшалар мен цифрлық төлем жүйелері кеңінен дамыды. Алайда бұл даму әлі де қарқын алу сатысында деп бағалауға болады. Онлайн операциялардың үлесі 2023 жылы 75%-ды құрады [9].

Оңтүстік Корея болса, цифрлық банк жүйесінің жаһандық үлгісіне айналған мемлекеттердің бірі. Бұл елде цифрлық инфрақұрылым тек банк қызметтерін автоматтандырумен ғана шектелмей, тұтас цифрлық экожүйеге біріктірілген. Кореяда КакаоBank және К-Bank сияқты **толық цифрлық банктер** жұмыс істейді, олардың клиенттер базасы миллиондаған адамды қамтиды. Цифрлық банкинг арқылы жүзеге асырылатын операциялар үлесі – **95%**, бұл әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып есептеледі [10].

Онлайн банкинг арқылы орындалатын операциялар үлесі (%)



2-сурет – Онлайн банкинг арқылы орындалатын операциялар үлесі (%)
Ескерту: [9; 10] деректері негізінде автор құрастырған

Қазақстанда мобильді қосымшалар, атап айтқанда Kaspi.kz және Halyk Homebank, цифрлық сервистерді едәуір танымал еткен. Алайда бұл шешімдер негізінен жеке банк экожүйелері аясында жұмыс істейді. Оңтүстік Кореяда болса, банк қосымшаларына қоса, ұлттық деңгейдегі **біріңғай цифрлық сәйкестендіру жүйесі** (Digital ID), төлем платформалары (мысалы, Naver Pay, Samsung Pay) және ашық API стандарттары кеңінен қолданылуда.

Цифрлық банкингке құқықтық және институционалдық қолдау да әртүрлі сипатқа ие. Қазақстанда цифрлық теңге жобасы енді ғана сынақтан өткізіліп жатса, Кореядағы реттеуші органдар криптовалюта, финтех, Big Data және AI негізіндегі қызметтерді біртұтас цифрлық стратегия арқылы бақылайды. Сонымен қатар, Оңтүстік Кореяда халықтың цифрлық сауаттылығы мен технологияны қабылдау деңгейі өте жоғары – бұл цифрлық банкингтің жедел дамуына ықпал етуде.

Осылайша, Қазақстан мен Оңтүстік Корея банк жүйелерінің цифрлық трансформациясын салыстыра отырып, екі елдің даму кезеңі мен тәсілдерінде айқын айырмашылықтар бар екенін көруге болады. Қазақстан тұрақты даму сатысында болса,

Корея цифрлық қаржы экожүйесін толық қалыптастырған, инновацияны күнделікті тәжірибеге енгізген ел ретінде ерекшеленеді.

Ұсыныстар

Цифрлық банкинг саласындағы зерттеу нәтижелері негізінде келесі ұсыныстарды беруге болады:

Қаржылық сауаттылықты арттыру.

Цифрлық банкинг мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін халықтың қаржылық сауаттылығын дамыту қажет. Бұл мақсатта білім беру мекемелері мен банктер бірлесіп онлайн курстар, ақпараттық науқандар ұйымдастыруы керек.

Ауылдық аймақтарда интернет инфрақұрылымын дамыту.

Цифрлық банкингке қолжетімділікті кеңейту үшін ауылдық және шалғай аймақтарда интернет сапасы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет.

Толық цифрлық банктерге лицензия беру механизмін енгізу.

Оңтүстік Кореядағы КакаоBank және К-Bank тәжірибесін негізге алып, Қазақстанда тек онлайн режимде жұмыс істейтін цифрлық банктерге мүмкіндік ашу ұсынылады.

Ашық банкинг стандарттарын енгізу және реттеу.

Банктер мен финтех-компаниялар арасында клиент деректерін қауіпсіз алмасу үшін орен

API жүйелерін дамыту қажет. Бұл клиентке ыңғайлы және бәсекеге қабілетті орта қалыптастырады.

Цифрлық теңгені кезең-кезеңмен енгізу.

Ұлттық Банк пилоттық кезеңнің қорытындысын ескере отырып, цифрлық теңгені нақты экономикада тестілеуді кеңейтуді қарастыруы тиіс.

Осы ұсыныстар іске асырылған жағдайда Қазақстан банк жүйесі цифрлық тұрақтылыққа жетіп, халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыра алады.

Қорытынды

Бұл мақалада Қазақстан банк жүйесінің цифрлық трансформациясы жан-жақты қарастырылып, оның даму кезеңдері, мемлекеттік қолдау шаралары және халықаралық тәжірибемен салыстыру нәтижелері сипатталды. Цифрлық банкинг қызметтері елімізде кеңінен енгізіліп, мобильді қосымшалар мен онлайн операциялар үлесі артып келе жатқанымен, жоғары дамыған елдермен салыстырғанда (мысалы, Оңтүстік Кореямен) әлі де ілгері дамыту қажет бағыттар бар.

Зерттеу барысында цифрлық теңге жобасының әлеуеті, ашық банкинг пен қашықтан сәйкестендіру жүйелерінің маңыздылығы анықталды. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибе Қазақстан үшін тек үлгі ғана емес, сонымен қатар стратегиялық бағдар бола алады. Еліміздің цифрлық банк инфрақұрылымы дамып келе жатқанымен, ол толық экожүйе ретінде қалыптасуы үшін цифрлық инклюзия, нормативтік жетілдіру және технологиялық қолдау бағытында жұмыс жалғасуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.The World Bank. Digital Financial Services: Challenges and Opportunities [Электрондық ресурс]. – Washington: World Bank Group, 2022. – Режим доступа: <https://www.worldbank.org>

2.Organisation for Economic Co-operation and Development (OECD). Digital Disruption in Banking and Its Impact on Financial Stability [Электрондық ресурс]. – Paris: OECD Publishing, 2021. – Режим доступа: <https://www.oecd.org>

3.Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2018–2022 жж.) [Электрондық ресурс]. – Астана, 2018. – Қолжетімділік тәртібі: <https://digitalkz.kz>

4.Қазақстан Ұлттық Банкі. Цифрлық теңге: пилоттық жобаның қорытындылары. Есеп [Электрондық ресурс]. – Алматы, 2023. – Қолжетімділік тәртібі: <https://nationalbank.kz>

- 5.Қазақстан Ұлттық Банкі – Төлем жүйелері статистикасы: <https://nationalbank.kz/kz/statistics/statistics-payments-and-payment-systems/main>
6. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. eKYC және цифрлық банкинг бойынша 2023 жылғы есеп. – [Электрондық ресурс]. – <https://finreg.kz>
- 7.Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2018–2022 жж.) [Электрондық ресурс]. – Астана, 2018. – Қолжетімділік тәртібі: <https://digitalkz.kz>
- 8.Қазақстан Ұлттық Банкі. Цифрлық теңге: пилоттық жобаның қорытындылары – 2023 ж. [Электрондық ресурс]. – <https://nationalbank.kz>
- 9.Қазақстан Ұлттық Банкі. Төлем жүйелері және цифрлық банкинг шолуы – 2023 ж. [Электрондық ресурс]. – <https://nationalbank.kz>
10. Bank of Korea. Financial Services Statistics – 2023 ж. [Электрондық ресурс]. – <https://bok.or.kr>

UDC 336.711

THE ROLE OF STATE-OWNED BANKS IN STIMULATING INVESTMENTS: A COMPARATIVE ANALYSIS OF INSTRUMENTS TO SUPPORT PRIVATE PROJECTS IN KAZAKHSTAN

Bekmanali Beksultan Bauyrzhanuly

E-mail: beksultan.bekmanali@gmail.com

Master of Economic Sciences in the educational program Finance,

PhD student,

Establishment «L. N. Gumilev Eurasian National University»,

Astana, Republic of Kazakhstan

Supervisor – Zh.M.Bulakbay

Abstract: In the context of global economic instability and the need to diversify the economy, Kazakhstan is actively using the potential of state-owned banks to stimulate investment in priority sectors. The article provides a comparative analysis of key instruments for supporting private projects - state programs, credit guarantees and preferential rates - and assesses their contribution to economic growth. Using the example of the activities of Baiterek JSC, the Development Bank of Kazakhstan and other institutions, mechanisms for reducing risks for investors, expanding access to financing and increasing the competitiveness of businesses are revealed. The results of the study emphasize the need for a balance between government regulation and market principles for the sustainable development of the Kazakh economy.

Key words: state banks, credit guarantees, preferential rates, SMEs, economic growth, Kazakhstan.

Kazakhstan, with its significant natural resources and strategic location, has ambitious goals for the transition to an inclusive and technology-oriented growth model. However, the key challenge remains low investment activity in non-resource sectors, such as manufacturing, agriculture and the digital economy. In this regard, state-owned banks (SOBs) are becoming the main conductors of investment stimulation policies, acting as:

- Financial intermediaries — by redistributing resources to priority sectors;
- Risk insurers — through guarantee mechanisms;
- Innovation hubs — by introducing new financial products.

The purpose of the article is to assess the effectiveness of support instruments used by SOBs and their impact on Kazakhstan's macroeconomic indicators.

State-owned banks (SOBs), as dual institutions combining market principles and socio-